

Себеп-салдарлық құрылымның берілуі

...етістік + есімше + дықтан / діктен, ...

бағыныңқы

басыңқы

Қонақтар ерте жиналғандықтан, той уақытында басталды.

Сұрақтары:

Неліктен? Не үшін? Не себепті? Не деп?

Сұрақтар басыңқы сыңардан бағыныңқы сыңарға қойылады.

Неліктен?

Қонақтар ерте жиналғандықтан,

той уақытында басталды.

Жасалуы:

1.	-ғандықтан, -гендіктен, -қандықтан, -кендіктен,	Біз жұмысты уақытында айт қандықтан , жоспарға өзгерістер енгізілді.
2.	-ғаны, -гені, -қаны, -кені / үшін	Ол жақсы оқы ғаны үшін сыйлық алды.
3.	-ма (-ме, -ба, -бе, -па, -пе) + й	Арман мақаласын аяқта май , орнынан тұрмады.
4.	-ып, -іп, -п	Үлкендер тамақты ішіп болы п , демалуға кетті.
5.	үш шақтағы етістік / деп	Қонақтар келеді деп , біз далаға шықтық. Түні бойы компьютердің алдында отыр дың деп , Талғаттың анасы интернетті өшіріп тастады. Ол кітап оқы п жатыр деп , мазалағым келмеді.
6.	-ған, -ген, -қан, -кен / соң	Ата-аналар кел ген соң , жиналыс басталды.

Себеп мәнді сөйлемдер. *Өйткені, себебі, неге десең/не үшін десең* – байланыстыратын сөйлемдердің соңғысы алдыңғы сөйлемдегі уақиғаның, құбылыстың себебін білдіреді.

Адам баласына адам баласының бәрі дос. Не үшін десең дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың ... бәрі бірдей (Абай). Сиырды сен айда, - дедім Қайыркеге, - неге десең олар сенен қорқады, менен қорықпайды.

Себеп-салдар үстеулері іс-әрекет, қимылдың неліктен, не себептен жасалғанын және оның салдарын білдіреді.

Құс жұлқына бастады, амалсыздан томағасын алдым.

Үлгі бойынша түрлендіріңіз.

1 Ол ерте үйленген, сондықтан оның балалары өзімен қатарластардың балаларына қарағанда мектеп бітіріп жатыр. -

2 Ол әйелін қатты жақсы көреді, сондықтан оған ешқашан жекірмейді.

3 Ол отбасын құрмаған, сондықтан отбасылық өмірдің қиындықтарын білмейді.

4 Көп ұйықтау оның қанына сіңген, сондықтан ол шұғыл жағдай болса да назар аудармай ұйықтай береді.

6 Анамның сілесі қатты. Ол күні бойы үйде кішкентай Ұлжанмен ойнады.

ЖАЛҒАСТЫРЫҢЫЗ.

7 Мен кеш үйлендім, сондықтан балаларым әлі кішкентай.

8 Бізді тонның ішкі бауындай өсірген. Сондықтан біз ешқашан ренжісіп көрмегенбіз.

9 Мен нағашы жұртыма тартқанмын. Сондықтан туыстарым сияқты үйге қонақ жиі шақырамын.

10 Тыным таппай еңбек ету керек. Әке-шешемнің арманын орындауға тырысып жүрмін.

11 Әкем кеш үйлендім деп еш өкінбеді.